

№ исх: 21-17/9278 от: 26.08.2019

№ вх: 604-к от: 26.08.2019

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ**

**ТАУАРЛАР МЕН  
КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ  
МЕН КАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
КОМИТЕТІ**

**БҰЙРЫҚ**

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_

город Нур-Султан

**Кейбір дәрілік заттардың серияларын  
қолдануды тоқтата тұру туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, оған тыйым салу немесе айналыстан алып қою не олардың қолданылуын шектеу қағидаларының 2-тармағының 4) және 7) тармақшаларына және 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өндірушісі Japan BCG Laboratory, Жапония, тіркеу куәлігінің нөмірі ҚР-БП-5№013466, Тері ішіне енгізуге арналған БЦЖ глютамат лиофилизацияланған вакцинасының:

жиынында № I-1518 сериялы еріткіші бар № 1620 (жарамдылық мерзімі 2019 жылғы қыркүйекке дейін),

жиынында № I-1526 сериялы еріткіші бар № 1628 (жарамдылық мерзімі 2019 жылғы қарашаға дейін),

жиынында № I-1536 сериялы еріткіші бар № 1637 (жарамдылық мерзімі 2020 жылғы мамырға дейін),

жиынында № I-1547 сериялы еріткіші бар № 1649 (жарамдылық мерзімі 2020 жылғы қазанға дейін),

жиынында № I-1549 сериялы еріткіші бар № 1651 (жарамдылық мерзімі 2020 жылғы қарашаға дейін) серияларын қолдану тоқтата тұрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері осы шешім туралы ақпаратты алған күннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, басқа да мемлекеттік органдарға (құзыреті бойынша) (жазбаша еркін түрде) хабарлауды;

2) бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруды;

3) осы бұйрықты алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген дәрілік заттардың жоғарыда көрсетілген

серияларының айналысын тоқтата тұру бойынша тиісті шаралар жүргізуді;

4) күнтізбелік үш күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары Н.Ә. Асылбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: «Шанс» ЖШС-ның 2019 жылғы 16 тамыздағы № 56 хаты.

**Төрағаның міндетін  
атқарушы**

**Н. Сәдуақасов**

**Результаты согласования**

23.08.2019 12:11:01: Утеев Р. А. (Управление контроля фармацевтической деятельности и интеграции) - - согласовано без замечаний

23.08.2019 12:20:00: Имамбекова М. Б. (Управление административно-правового обеспечения и государственных закупок) - - согласовано без замечаний

23.08.2019 12:26:56: Кожалова Р. А. (Управление эпидемиологического надзора за инфекционными заболеваниями) - - согласовано без замечаний

23.08.2019 14:30:33: Асылбеков Н. А. (Руководство) - - согласовано без замечаний

23.08.2019 14:55:29: Тилесова А. Ш. (Управление административно-правового обеспечения и государственных закупок) - - согласовано без замечаний